

**Докторант Шанбаев Максат Жасыузаковичтің 6D060800 – «Экология»
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
ұсынылған «Өндіріс қалдықтарын утилдеудің кешенді технологиясын жасау»
тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына
Ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарга сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сыйзу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) гылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Фылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен номірін көрсету);</p> <p>2) диссертация мемлекеттік аясында бағдарлама орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Республикасының жанындағы Жоғары гылыми-техникалық комиссия бекіткен гылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>«Өндіріс қалдықтарын утилдеудің кешенді технологиясын жасау» атты диссертацияның тақырыбы 2019 жылғы наурыз айының 14-ші жүлдөзында бекітілген (№1853-Д бүйрық).</p> <p>Диссертациялық жұмыс КР БФМ № 1016/ГҚ4 "Фосфор өнеркәсібі қалдықтарынан байланыстырығыш және жол қоспаларын өндіру технологиясын әзірлеу" гранттық гылыми-зерттеу және КР ФЖБМ Гылым комитетінің № BR24992882 "Техногендік қалдықтарды қайта өңдеу бойынша өңірдегі экологиялық жағдайды жақсарту үшін жаңа технологияларды әзірлеу" бағдарламалық нысаналы қаржыландыру жобалары шеңберінде орындалды.</p>
2.	Гылым үшін маңыздылығы	Жұмыс гылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс гылымға елеулі үлесін қосады, ал оның маңыздылығы жақсы ашылған. Фосфор өндірісінің көп тонналы қатты қалдықтарын утилдей отырып, оларды жол құрылышында пайдалану арқылы Жамбыл өңірінің экологиялық мәселелерінің едәуір бөлігін шешуге мүмкіндік береді.
3.	Өзі принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертация жоғарғы деңгейде орындалған. Диссертациялық жұмыс талапқа сәйкес рәсімделген. Диссертация авторының гылыми мақалалары Халықаралық және республикалық деңгейдегі басылымдарда жарық көрген.
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) негізделген;</p> <p>2) ішінше негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі негізделген.</p> <p>Табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың, қоршаган ортаны химия өнеркәсібінің жағымсыз салдарларынан қорғаудың маңызды мәселелері мен өндірістік қалдықтарды утилдеу және тиімді пайдалану мәселелерін шешу қажеттілігіне негізделген.</p> <p>Бұл жұмыста фосфор өндірісінің қалдықтарының көптеп пайда болуымен</p>

		<p>байланысты мәселелер кешені: қалдықтардың түрлері; жинақталған қалдықтардың колемі; оларды утилдеудің әдістері мен технологияларына талдау үсінген.</p>
4.2	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	<p>Диссертация мазмұны жұмыс тақырыбын толық ашқан және зерттеудің мақсаты мен міндеттерін толық көрсетеді. Зерттеу жұмысы фосфор өнеркәсібінің техногенді қалдықтарын утилдеу мақсатында сәйкес зерттеулер жүргізіліп, атап қалдықтарды жол құрылышына пайдаланудың мүмкіндік жолдары қарастырылған.</p>
4.3.	Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	<p>Зерттеу жұмысын орындау мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді.</p> <p>Жұмыстың мақсаты - фосфор өндірісінің техногенді қалдықтарын жол-құрылыш материалдарының шикізат базасына тарту болып табылады.</p> <p>Бекітілмеген тасты материалдардан жасалған қабаттары бар жол төсемдерін салу практикасы жол құрылышының қазіргі заманғы талаптарына жауап бермейді. Бекітілмеген қырышықтасты-құмты қоспаларынан жасалған жол төсемдері қабаттарының сапасы төмен болуы уақыт оте келе сол жолдардың тегістігінің жоғалуына және оның пайдалану көрсеткіштерінің төмендеуіне алып келеді.</p> <p>Қазақстанда жол төсемдерін салу кезінде жергілікті тасты материалдар ретінде белгілі бір жағдайларда байланыстырылған қасиеттерге ие түйіршіктелген фосфорлы шлактар мен жергілікті тасты материалдарын қолдануды кеңейтуге қызмет етуі мүмкін.</p> <p>Фосфор өндірісі қалдықтарын утилдеудің көлемін ұлғайту және жаңа әрі баламасы жоқ байланыстырылған жол қоспаларын жасай отырып, жол құрылыш материалдарының шикізат базасын кеңейту мақсатында жасалған зерттеулер шеңберінде мынадай міндеттер шешіледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Жамбыл өңіріндегі үйінділерде жинақталған фосфор өндірісінің техногенді қалдықтарының қоршаған ортага тигізетін әсерін бағалау; - Қазақстан Республикасының қолданыстағы автомобиль жолдарының техникалық жағдайын және қалдықтарды жол құрылышына қолданудың мүмкіндік жолдарын зерделеу; - Қалдықтардың қасиеттеріне теориялық және эксперименттік зерттеулер жасау; - Фосфор өндірісінің қалдықтары негізінде байланыстырылған жол қоспаларын алуудың

		<p>оңтайлы құрамдарын зерттеу;</p> <ul style="list-style-type: none"> - Аталған қалдықтардан жол тосемдерінің конструкциялық жер төсемінің қабаттарын салу технологиясын әзірлеу; - Шлакты минерал негізіндегі жолдың тәжірибелік-эксперименттік участесінің құрылышын жүргізу. 	
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық жағынан толық байланысқан. Жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесі рет-ретімен баяндалып, қортындыланған, гылыми еңбектің міндеттерін толық орындауга бағытталған.</p>	
	<p>1) толық байланысқан;</p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жок.</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар;</p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жок.</p>	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) осы уақытқа дейінге жүргізілген зерттеулер жайлы баяндалып, салыстырмалы сыни талдау жасалған.</p>	
5.	<p>Фылыми жаңашылдық принципі</p> <p>5.1 Фылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p>5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық, немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Фылыми деректер мен диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер және ережелер жаңа болып табылады.</p> <p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Автор гылыми еңбектерді саралай отырып, нақты, дәлелді қорытындылар жасаған. Зерттеудің нәтижелері бойынша гылыми мақалалар жарияланған.</p> <p>Техникалық, технологиялық, экономикалық, немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген болып табылады. Зерттеу нәтижелері жол құрылышында қолданылатын Қазақстан нарығындағы табиғи шикізаттың орнына қалдықтарды пайдалана отырып әзірленген қолжетімді жол қоспаларының ассортименттің кеңейтуге ықпал етеді.</p>	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар гылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық гылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Барлық негізгі қорытындылар гылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелермен негізделген, яғни зертханалық-эксперименттік жұмысты орындау нәтижелерінен алынған.</p>
7.	Қорғауға шығарылған	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру</p> <p>7.1 Қорғауга шығарылған барлық қагидаттар толық дәлелденген.</p>	

	<p>негізгі ережелер</p> <p>қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 	<p>7.2 Диссертациялық жұмыста қоргауга шығарылған барлық қагидаттар тривиалды емес.</p> <p>7.3 Фосфор өнеркәсібі қалдықтарының химиялық құрамын, минералогиялық және радиобелсенділік көрсеткіштерін кешенде зерттеу негізінде жаңа жол қоспасының параметрлері бекітілген. 90 күн бойы мұздату-еріту циклінен өткізіліп алынған жол қоспасының аязға төзімділігі 1 (бірден) жоғары, яғни, бұл баяу қататын байланыстырыштар талаптарына сәйкес келеді.</p> <p>Белгіленген қасиеттері бар қоспаны алуға оңтайлы кезеңді қамтитын технологиялық параметрлеріне негізделіп жасалған: рұқсат етілген уақыт аралығында нығыздау, яғни оның ұзақтығы мен қоршаған ортандың температурасы 15 - 25 °C-да 2 сағат, ал 30 - 35 °C-да 1 сағат нығыздау қажеттілігі анықталды.</p> <p>7.4 Диссертацияда жұмыс аясында алынған нәтижелер кеңінен қолданылады.</p> <p>7.5 Алынған нәтижелердің барлығы мақалаларда толық дәлелденген.</p>	
8.	<p>Дәйектілік қагидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ. <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы арқылы ғылыми зерттеулердің әдістері мен деректерді өңдеу және қазіргі заманғы әдістері мен интерпретациялау әдістемелерін пайдалана деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ. <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және занылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары</p>	<p>Зерттеу әдіснамасын таңдау ғылыми түргыда негізделген және диссертацияның тиісті бөлімінде сипатталған.</p> <p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p> <p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және занылықтар эксперименттік зерттеулердің нәтижелерімен және өндірістік сынақтармен дәлелденген. Шлакты құрам алдымен зертханаларда іріктелгендей мынадай құрамдармен алынды:</p>

	<p>үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жок.</p>	<p>– Оңтайлы құрамдағы (қырышықтастықұмды қоспа) толтырғыш - 80%;</p> <p>– Шлакты байланыстырғыш - 20%;</p> <p>– Су (100% жоғары) - 6-8%.</p> <p>Жүргізілген зерттеулер нәтижелеріне сәйкес фосфор өнеркәсібінің өндірістік техногенді қалдықтарынан алынған байланыстырғыш негізінде жол қоспасын пайдалана отырып, жолдың тәжірибелік-эксперименттік участасеін салу технологиясы әзірленген.</p> <p>Технология бойынша бетонның қалыңдығы қажетті перспективалық коліктік жүктемеге сәйкес 30 см, ал жол участасеінің жүріс бөлігінің барлық ені бойынша құмдықырышықтастық қоспа (КҚК) қабаты 25 см деп бекітілген.</p>	
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста нақты маңызды, ғылыми-тәжірибелік мәлімдемелер келтірілген және олар сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p>	
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>Диссертациялық жұмысты жазу барысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі – 105 атап.</p>	
9	<p>Практикалық құндылық қағидаты</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) бар; 2) жок.</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жок.</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы жоғары. Өндіріс қалдықтарын утилдеу үрдістерінің әр түрлі қырларын реттеуші нормативтік құжаттар мен мемлекеттік, ұлттық және халықаралық стандарттары пайдаланылған. Автордың зерттеу нәтижелерін қоршаған ортаны қорғау саласы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарына пайдалануға болады.</p> <p>Бұл диссертацияның практикалық маңыздылығы жоғары және өндіріс үшін тәжірибелік жағынан өте құнды болып табылады. Ғылыми зерттеудің нәтижелерін жол құрылышы индустриясында қолдану ықтималдығы күмән тудырмайды.</p> <p>Фосфор өнеркәсібінің көп тонналы техногендік қалдықтарын утилдеу барысында алынған жол қоспаларының қатаюның физика-химиялық процесстерін жан-жсақты зерделеу және төмен температурада шлакты минералды материалдардың құрылымын қалыптастыру негізінде жыл бойы автомобиль жолдарын салу кезінде шлакты минералды қоспаларды қолдану мүмкіндектері зерделенді.</p> <p>Мұндай зерттеулер бұрын жүргізілмеген.</p>
10.	<p>Жазу және ресімдеу сапасы</p>	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен;</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары. Жұмыс авторының еңбегіне үқсас жазылған басқа авторлардың еңбектерін сілтемесіз пайдалану фактісі</p>

	4) төмен.	кездеспейді. Диссертациялық жұмыс жазу барысында академиялық адалдық сақталған.
11. Диссертацияға ескертулер	<p>Ұсыныс және ескертулер ретінде мыналарды атап өтүге болады:</p> <ol style="list-style-type: none"> Диссертацияда граматикалық және түсініксіз сөздер (бояумен, бояусыз т.б.) кездеседі. Диссертацияны ресімдеу бойынша стандарттар сақталмаған, бұл диссертациямен жұмыс істеу кезінде белгілі бір қолайсыздықтар тудырады. Эксперименттік зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде қандай құрамда фосфор өнеркәсібінің өндірістік техногенді қалдықтары мен цемент қатынасында қоспа таңдалғаны, қанша қайталау жұмыстары жүргізілгені туралы нақты сипаттама жетіспейді. <p>Алайда баяндалған ұсыныстар мен ескертулер ізденуші жүргізген ғылыми зерттеу жұмысының құндылығын көміттейді және болашақ жарияланымдарда және автордың жұмыстарында ескерілуі мүмкін.</p>	
12. Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында корғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша автордың қорғауга қатысқан 2 мақаласы Scopus және Web of Science базасымен индекстелген басылымдарда («Environmental and Economic Advantages of Disposal of Phosphoric Industry Waste», General Environmental Science – процентиль 49%; / «Features of the Technology of Application of Industrial Waste in the Construction of Constructive Layers of Roadwear», General Environmental Science – процентиль 47%), 1 мақала КР FЖБМ ғылым және жоғары білімсаласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналында және 1 мақала халықаралық ғылыми практикалық конференция мақалалар жинағында, 1 мақала басылымдарда жарыққа шыққан.	
13. Ресми рецензенттің шешімі (осы жұмысы қойылған талаптарға сай келеді және 6D060800 — «Экология» Үлгі ереженің мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық 28-тармағына сәйкес)	Шанбаев Максат Жасыузаковичтің «Өндіріс қалдықтарын утилдеудің кешенді технологиясын жасау» тақырыбында жазылған диссертациялық шешімі (осы жұмысы қойылған талаптарға сай келеді және 6D060800 — «Экология» Үлгі ереженің мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық 28-тармағына лайықты деп есептеймін.	

Ресми пецензент:

Д. Серікбаев атындағы Шығыс
Қазақстан техникалық
университетінің қауымдасты-
рылған профессоры; техника
ғылымдарының кандидаты

Растайлович Ай



мерзімі «21» 04 2025 жыл